

KASE

АПТАЛЫҒЫ

10–14 сәуір
2023

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмысын [қорытындылады](#).
- KASE Директорлар кеңесі "KASE клирингтік орталығы" АҚ орналастыратын акцияларының 100 % басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес [сатып алуды](#) мақұлдады.
- Мемлекеттік бағалы қағаздармен [сауда-саттық](#) көлемі наурыз айында 461,3 млрд теңгені (\$1,0 млрд) құрады.
- 2023 жылдың наурызында KASE акциялар [нарығына](#) шолу.
- KASE ресми тізіміне АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық [облигацияларының](#) бес шығарылымы, "Express Finance Group" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00009525](#) (MFEPp1) облигациялары енгізілді.
- KASE-де Starbucks Corporation [US8552441094](#) (SBUX_KZ), Citigroup Inc. [US1729674242](#) (C_KZ), Ford Motor Company [US3453708600](#) (F_KZ), Caterpillar [US1491231015](#) (CAT_KZ) жай акцияларымен, "ҚазМұнайГаз "Ұлттық компаниясы" АҚ [XS1807299174](#), US48667QAR65 (KMGZe13) халықаралық облигациялармен сауда-саттық тоқтатылды.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де МЕТИКАМ-84 бірінші шығарылымын ([KZKT00000073](#), MTM084_0001) өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 17,27 %-бен орналастырып, 6,2 млн тартты.
- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 45,2 млн МЕУКАМ-72 14-ші шығарылымын ([KZKD00001210](#), MUM072_0014), 70,7 млн МЕУКАМ-120 19-шы шығарылымын ([KZKD00001129](#), MUM120_0019), 50,2 млн МЕУКАМ-180 алтыншы шығарылымын ([KZKD00000535](#), MUM180_0006) орналастырды.
- "Birinshi Lombard" ЖШС (Бірінші Ломбард) KASE-де KZ2P00009277 (MFB1b1) облигацияларына жазылу арқылы жылдық 24,00 % орналастыра отырып, 100,0 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00009462 (KFUSb54) облигацияларын өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 18,52 %-бен орналастыра отырып, 7,1 млрд теңге [тартты](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ Теңіз кен орнынан экспортқа 19,2 мың тонна мұнай [жіберді](#).
- "ForteBank" АҚ 2022 жылдың [нәтижелері](#) туралы хабарлады.
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ [XS1807299174](#), US48667QAR65 (KMGZe13) халықаралық облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу жоспарланып отырғанын хабарлады.
- "Кселл" АҚ 2022 жылдың төртінші тоқсаны мен қаңтар–желтоқсан айларындағы қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Кселл" АҚ Қазақстан қор биржасында "Эмитент күнін" [еткізді](#).
- "BCC Invest" АҚ "ЦентрКредит–валюта" ИПИҚ KZPF00000058 (BCCI_cc) пайларын ұстаушыларға 2023 жылдың қаңтар-наурыз айларына дивидендтер [төленгені](#) туралы хабарлады.



14.04.2023

Трендтер (%)

KASE Индексі	3 461,28	0,7	5,4
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "ForteBank"	4,41	5,3	12,8
Bank of America Corporation	29,60	5,1	1,1
АО "Кселл"	1 887,86	3,7	5,1
Freedom Holding Corp.	67,54	2,6	2,1
АО "НАК "Казатомпром"	13 379,98	1,3	1,4
АО "Банк ЦентрКредит"	683,90	1,3	6,8
АО "КазТрансОйл"	680,00	1,2	15,5
Pfizer Inc.	41,74	1,0	4,8
Meta Platforms, Inc.	218,25	0,6	19,8
АО "Народный банк Казахстана"	144,47	0,3	15,1
AltynGold plc	813,96	0,2	8,9
АО Kaspi.kz	34 410,69	0,1	0,6
Apple Inc.	164,53	- 0,4	9,0
Advanced Micro Devices, Inc.	92,35	- 0,5	15,4
АО "НК "КазМунайГаз"	10 291,00	- 0,5	14,3
Tesla, Inc.	191,97	- 0,5	3,8
АО "KEGOC"	1 604,06	- 0,6	- 0,8
АО "Казактелеком"	29 065,61	- 0,8	- 1,8
АО "БАСТ"	8 057,05	- 1,2	- 3,5
Ford Motor Company	13,69	- 3,2	- 0,6
NVIDIA Corp.	263,16	- 3,2	25,2
АО "KM GOLD"	153,10	- 3,3	9,4
Intel Corporation	31,10	- 5,4	14,6

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмысын қорытындылады. Қор нарығында өткен жылдың тиісті кезеңіне қатысты сауда-саттық көлемі 47,4 %-ға 2,1 трлн теңгеге дейін өсті, бұл инвесторлардың өткен жылы инфляцияның өсуімен, есепке алу ставкаларының өсуімен және болжамдардағы жоғары белгісіздікпен шектелген тәуекелге тәбетінің қалпына келуін көрсетеді. Акциялар нарығында сауда көлемі 2,2 есе 62,9 млрд теңгеге дейін өсті. Борыштық капитал нарығында орналастыру көлемі 2022 жылдың бірінші тоқсанында 25,3 млрд теңгеден ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 500,1 млрд теңгеге дейін өсті.

Сәуір айында KASE Индексі сенімді өсуді жалғастырып, былтырғы барлық құлдырауды толығымен ойнады. Жұма күнгі сауда-саттық қорытындысы бойынша индекстің мәні 3 459,38 тармаққа тіркелді, бұл 2022 жылдың қаңтарындағы деңгейге сәйкес келеді. Инвесторлардың негізгі бағыты қазір жылдық қаржылық есеп берушілік пен дивидендік төлемдерге бағытталған.

Өткен аптада Kaspi.kz акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы аясында 2022 жылдың төртінші тоқсанына бір акцияға 600 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды. Бұрын Kaspi.kz екінші тоқсанда бір акцияға 500 теңге және үшінші тоқсанда бір акцияға 600 теңге төледі. 2022 жылға төленген дивидендтердің жиынтық сомасы 1700 теңгені немесе қағаздың ағымдағы құнының 4,9 % құрады.

"ҚазТрансОйл" АҚ Директорлар кеңесі акционерлерге дивидендтер төлеуге 15,0 млрд теңге бөлуді ұсынды, бұл жай бір акцияға 39 теңгеге тең. Осылайша, күтілетін дивидендік кірістілік қағаздың ағымдағы құнының 5,7% құрайды.

"Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ Жалғыз акционері компанияның жай акциялары бойынша 2022 жылға бір акцияға 9 437,10 теңге немесе 11,2 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады.

"First Heartland Jusan Invest" АҚ 2022 жылы 2,1 млрд теңге көлемінде таза шығын туралы есеп бере отырып, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады.

"ForteBank" АҚ 2022 жылдағы таза пайданың 53 %-ға 98 млрд теңгеге дейін өскені туралы хабарлады. Жоспарланған дивидендік төлемдер туралы хабарландырулар әлі болған жоқ.

KASE Global секторының акциялары арасында өткен аптада дивидендтер төлеу үшін акционерлер тізілімін бекіту Ford Motor Company (жарияланған дивиденд – бір акцияға 0,15 доллар) және Caterpillar (жарияланған дивиденд – бір акцияға 1,20 доллар) компаниясынан өтті. "Фридом Финанс" АҚ инвестициялық пай қорларының нарығында 2023 жылдың бірінші тоқсанында "Fixed Income USD" ИПИҚ пай ұстаушыларына 35,2 млн теңге мөлшерінде дивидендтер төленгені туралы хабарлады.

Қазақстан қор биржасының борыштық капитал нарығында облигациялар бойынша купондық сыйақыларды өткен аптада "First Heartland Jusan Bank" АҚ жылдық 10,95 % мөлшерлеме бойынша, квазимемлекеттік сектордың өкілдері – "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ және "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ – жылдық 0,1-8,5 % ставкалар бойынша және бірқатар микроқаржы ұйымдары төледі.

Сондай-ақ, "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ 2023 жылдың 26 сәуіріне дейін 4,75 % купондық мөлшерлеменен 500 млн АҚШ доллары сомасына халықаралық облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге ниетті екенін хабарлады.

Жаңа орналастыруларға келетін болсақ, жалғыз акционер - "YURTA" Инвестициялық Қаржы үйі" АҚ – бір акция үшін 2 831,87 теңге бағасымен 176 562 жай акцияны қосымша орналастыру туралы шешім қабылдады. Естеріңізге сала кетейік, 04 Сәуірде KASE-де өткізілген сауда-саттық қорытындысы бойынша "YURTA" Инвестициялық Қаржы үйі" АҚ-ның 100% жай акциясын Сәкен өсер сатып алған болатын. Сәкен Үсердің қор нарығында, оның ішінде "Фридом Финанс" АҚ-дағы басшылық позицияларда 11 жылдан астам табысты тәжірибесі бар. Өткен аптада KASE ресми тізіміне "Express Finance Group" Микроқаржы ұйымы" ЖШС-нің өтеу мерзімі 7 жылдық 25 %-бен жартыжылдық купонмен 1 млрд теңге сомасына облигациялары енгізілді.

"Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де өтелгенге дейінгі мерзімімен 3 жыл өзгермелі купондық мөлшерлемесі 1,95 % + TONIA облигацияларды орналастырып, 7 млрд теңге тартты. "Birinshi Lombard" ЖШС (бірінші Ломбард) KASE-де 2 жыл өтелгенге дейінгі мерзіммен жылдық 24,00 % тоқсандық купонмен облигацияларды орналастырып, 1,0 млрд теңге тартты.


Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында өткен аптада Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де өтеуге кірістілігі жылдық 13,93-17,27 % өтеу мерзімі 4 жылдан 7 жылға дейінгі жалпы сомасы 172,3 млрд теңгеге қазынашылық міндеттемелердің төрт шығарылымын орналастырды.

Шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар секторына АҚШ Қаржы министрлігінің өтеу мерзімі бір жылдан үш жылға дейінгі және жылдық купондық мөлшерлемесі 1,5 %-дан 4,5 %-ға дейінгі халықаралық облигациялардың бес шығарылымы енгізілді.




Мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) РЕПО операцияларының кірістілігі 7-14 сәуір аралығында бір күнге (TONIA) жылдық 16,28 %-дан 16,38 %-ға дейін өсті. Қаралып отырған кезең үшін бір күн мерзімге АҚШ доллары кепілімен теңге қарыз алу мөлшерлемесі (SWAP-1D (USD)) жылдық 14,36 %-дан 15,03 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 14 сәуірде теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1,2%-ға (445,01 теңгеден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 450,25 теңге деңгейінде қалыптасты.

2023 жылғы 7-14 сәуір аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Еңбек статистикасы бюросының деректері бойынша, АҚШ-та тұтыну бағаларының индексі жылдық мәнде ақпандағы 6%-дан наурызда 5%-ға дейін төмендеді. АҚШ-тағы өндірушілер бағасының индексі (PPI) ақпандағы ж/ж 4,9%-дан наурызда ж/ж 2,7%-ға дейін құлдырады. АҚШ-та жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген алғашқы өтініштер саны 239 000-ға дейін өсті. Статистикалық деректердің шығуы аясында инвесторлар арасында ФРЖ мөлшерлемелерін арттыру циклі жақын арада аяқталар деген үмітпен сарыла күтті. Осыған байланысты АҚШ доллары жағандық деңгейде әлсірей түсті. ФРЖ басқарушы кеңесінің мүшесі Кристофер Уоллер жұма күні инфляцияға қатысты тиісті мақсатқа қол жеткізу ісінде ФРЖ-ның айтарлықтай табысқа жете алмағанын мәлімдеді. Сөйте тұра, белгілі бір уақыт аралығында ақша-кредит саясаты нарық күткеннен де ұзақ уақыт бойы қатаң қалпында қалуға тиіс екенін атап айтты.

Жоғарыда аталған факторлар көп жағдайда дамушы нарықтарда валюталардың әртүрлі бағыттағы динамикасын көрсетті. Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты.

- Бразилия реалы қабылданған жаңа фискалдық жоспар мен АҚШ-та инфляцияға қатысты деректердің шығуы аясында 3%-ға (5,06-дан 4,91-ге дейін) нығайды;

- Индонезия рупиясы ФРЖ мөлшерлемелерін арттыру циклінің жақын арада аяқталуын күту аясында 1,4%-ға (14913-тен 14705-ке дейін) нығайды;

- Мексика песосы АҚШ-та инфляцияға қатысты деректер шыққаннан кейін доллардың әлсіреуі аясында 0,7%-ға (18,14-тен 18,02-ге дейін) нығайды;

- Оңтүстік Африка ранды АҚШ долларының әлсіреуі аясында 0,5%-ға (18,19-дан 18,09-ға дейін) нығайды;


- үнді рупиясы 0,1%-ға (81,9-дан 81,85-ке дейін) нығайды. Себебі ХВҚ Үндістан – әлемде ең тез дамып келе жатқан экономиканың бірі деп мәлімдеді;

- Түрік лирасы алдағы уақытта өтетін президент сайлауы аясында 0,6%-ға (19,25-тен 19,36-ға дейін) әлсіреді;

- Ресей рублі экспорттың қысқаруы мен мұнай құнының төмендеуі аясында 0,8%-ға (81,13-тен 81,79-ға дейін) әлсіреді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.23)




Бағасы Δ 7к, % Δ 30к, % Δ 2023, %

— GBPKZT	563,17	1,73	1,08	1,12
— USDKZT	450,25	1,18	-1,82	-2,76
— EURKZT	497,93	2,54	1,05	0,61
— CNYKZT	65,72	1,44	-1,77	-1,96
— RUBKZT	5,52	2,99	-9,52	-14,31

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 137,64	0,8	6,3	-5,8	0,8
Dow Jones	33 886,47	1,2	6,3	-1,6	1,1
PTC	982,94	0,9	4,9	4,5	1,0
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	1,0
Hang Seng	20 438,81	0,5	4,6	-5,0	0,6
SS CSI 300	4 092,00	-0,8	2,6	-2,4	-0,8
Euro Stoxx 50	4 390,75	1,9	8,8	14,1	1,8
FTSEuroFirst	4 943,00	1,3	6,9	6,6	1,4
FTSE 100	7 871,91	1,7	7,2	3,4	1,8
KASE	3 461,28	0,7	5,4	8,3	

Шикізат нарығы

14.04.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	86,31	1,4	17,1	-22,7
Мұнай (WTI)	82,52	2,3	22,1	-22,8
Табиғи газ	2,11	5,1	-13,3	-71,0
Мыс	410,65	2,3	6,5	-13,1
Темір	945,00	1,8	-1,3	-0,5
Алтын	2 004,17	-0,2	4,1	1,5
Күміс	25,46	1,5	16,9	-0,9
Астық	682,50	1,0	-2,9	-37,8

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

17.04	<u>ЕОБ төрағасы Лагард сөз сөйлейді</u>	EUR		
18.04	<u>ЖІӨ (ж/ж) (1 тоқс)</u>	CNY	4,0%	2,9%
18.04	<u>Өнеркәсіп өндірісінің көлемі (ж/ж) (наурыз)</u>	CNY	4,0%	2,4%
19.04	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (наурыз)</u>	EUR	6,9%	6,9%
20.04	<u>ҰБК базалық кредиттік мөлшерлемесі</u>	CNY	3,65%	3,65%
20.04	<u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	240К	239К
21.04	<u>Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (сәуір)</u>	EUR	45,7	44,7

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	18,1%	01.04.23	21,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,1	01.04.23	34,5
Ақша базасы, млрд KZT	10 284,5	01.04.23	10 047,2
Ақша масса, млрд KZT	33 902,1	01.04.23	32 983,0

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 әлсіз

03.03.23

BBB-/A-3 негативті

Moody's

Ваа2/әлсіз

11.08.21

Ваа3/позитивті

FitchRatings

BBB/әлсіз

02.12.22

BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.